**Кеден органдары алатын кеден алымдарының, алымдар мен төлемдердің ставкаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 669 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 қаңтардағы № 24 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.01.21 № 24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 294 - 297 , 299-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кеден органдары алатын кеден алымдарының, алымдар мен төлемдердің ставкалары бекітілсін. Қараңыз.K100296

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 669 қаулысымен бекітілген

**Кеден органдары алатын алымдарының,**
**алымдар мен төлемдердің ставкалары**

Ескерту. Ставкаларға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.24. N 202 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.12.26. N 1293 қаулыларымен.

| Кеден төлемдерінің атауы | ЕВРО-мен ставка |
|---|---|
| Кеден шекарасы арқылы заңды және жеке тұлғалар өткізетін тауарлар мен көлік | Жүктің кедендік декларациясының негізгі |

| | |
|---|---|
| құралдарын кедендік ресімдеу үшін кеден алымдары | парағы үшін 50 евро және жүктің кедендік декларациясының әрбір қосымша парағы үшін 20 евро |
| Тауарлар иелері кеден органдары болып табылатын кеден қоймалары мен уақытша сақтау қоймаларында сақтағаны үшін кеден алымдары (ашық орын) | Тәулігіне 1 шаршы метр үшін 0,17 евро |
| Тауарларды иелері кеден органдары болып табылатын кеден қоймалары мен уақытша сақтау қоймаларында сақтағаны үшін алымдары (жабық үй-жай) | Тәулігіне 1 шаршы метр үшін 0,48 евро |
| Тауарларды иелері кеден органдары болып табылатын кеден қоймалары мен уақытша сақтау қоймаларында сақтағаны үшін кеден алымдары (жайластырылған үй-жай - арнайы жабдықтарды пайдалана, ерекше температуралық режимді және т.б. жасай отырып арнайы бейімделген үй-жайы) | Тәулігіне 1 шаршы метр үшін 0,86 евро |
| Тауарларды кедендік алып жүру үшін кеден алымдары | 50 км-ге дейінгі қашықтыққа 9 евро, 50-ден 100 км-ге дейінгі қашықтыққа 11 евро, 100-ден 200 км-ге дейінгі қашықтыққа 18 евро, 200-ден 400 км-ге дейінгі қашықтыққа 81 евро, 400-ден 600 км-ге дейінгі қашықтыққа 117 евро, 600-ден 800 км-ге дейінгі қашықтыққа 134 евро, 800-ден 1000 км-ге дейінгі қашықтыққа 206 евро, 1000-ден 1500 км-ге дейінгі қашықтыққа 293 евро, 1500-ден 2000 км-ге дейінгі қашықтыққа 455 евро, |

2000 км-ден астам қашықтыққа 599 евро

Ауданы мынадай кеден қоймасын құруға арналған лицензия бергені үшін алынатын алымдар:

1000 м $^{2}$ дейінгіні қоса алғанда 9000 евро

1000-нан 2000 м $^{2}$ дейінгіні қоса алғанда 14000 евро

2000 м $^{2}$ астамды қоса алғанда 19000 евро

Уақытша сақтау қоймасын құруға арналған лицензия бергені үшін алымдар 8000 евро

Кеден брокері ретіндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия бергені үшін алымдар 5000 евро

Кеден тасымалдаушысы ретіндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия бергені үшін алымдар 5000 евро

Кедендік ресімдеу жөніндегі маманның біліктілік аттестатын бергені үшін алымдар 200 евро

Алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлем 50 евро

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 шілдедегі N 669 қаулысына қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. "Кеден төлемдерінің ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 1479 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 35, 441-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы

28 тамыздағы N 1061 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 336-құжат).

3. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 карашадағы N 1479 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қаңтардағы N 63 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 2, 26-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы N 1479 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 415 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 11, 104-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК